

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

происходит не из-за того, что рынок падает, а из-за того, что продукция технологической среды теряет конкурентоспособность. Машиностроительные предприятия Республики практически не располагают собственными оборотными средствами для обеспечения необходимого технического уровня и конкурентоспособности выпускаемой продукции, не имеют полноценной производственной и научно-технической инфраструктуры, испытывают дефицит кадров инженерно-технических и рабочих специальностей[2].

В связи с этим обратим внимание на некоторые рекомендации:

Стимулирование инвестиций: Предоставление налоговых льгот и других стимулов для привлечения инвестиций в машиностроение и модернизацию производственных мощностей.

Поддержка инноваций: Создание специальных программ и государственных фондов для финансирования инновационных проектов в отрасли.

Обучение и развитие кадров: Развитие системы образования и подготовки специалистов в области машиностроения, а также обучение существующих работников с учетом современных технологий и методов производства.

Повышение конкурентоспособности: Внедрение мер по снижению издержек производства, оптимизации процессов и улучшению качества продукции для повышения конкурентоспособности на рынке.

Развитие экспортных возможностей: Проведение мероприятий по продвижению машиностроительной продукции на внешние рынки, а также поиск новых потенциальных партнеров.

В целом, можно сделать вывод о необходимости комплексных мер для стимулирования и поддержки развития машиностроения в Республике Казахстан. Реализация рекомендаций позволит улучшить состояние отрасли и повысить ее конкурентоспособность на рынке[3].

Таким образом, в Республике Казахстан наблюдалась положительная динамика производства и машиностроения в Казахстане демонстрирует стабильный рост производства в течение последних лет. В области экспорт и импорта: Республика Казахстан активно участвует в международной торговле машиностроительной продукцией. Важно продолжать развивать экспортные возможности и диверсифицировать рынки сбыта. Финансовые показатели предприятий машиностроения в РК в целом находятся на удовлетворительном уровне, однако существуют проблемы с рентабельностью и эффективностью использования ресурсов. Занятость в машиностроении РК стабильна, однако важно обратить внимание на качество трудовых ресурсов и обеспечение их соответствующей квалификацией. Развитие инвестиционной и инновационной деятельности является ключевым фактором для повышения конкурентоспособности машиностроения в Республике Казахстан.

Список использованных источников

1. Машиностроение в Казахстане: текущее состояние и перспективы. Официальный информационный ресурс Премьер-Министра Республики Казахстан
2. Информация о текущем состоянии отрасли машиностроения и металлообработки в Республике Казахстан в 2023 году. <https://clck.ru/39vtrD>
3. Увалиева Д.М. Повышение конкурентоспособности машиностроительной отрасли Республики Казахстан. /Журнал: Вестник КАСУ №3 – 2009.

УДК657.1

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Гинаятова Карина

g.k.kl@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ есеп және талдау кафедрасының магистранты
Астана, Қазақстан

Бухгалтерлік есеп-бұл барлық шаруашылық операцияларды үздіксіз және құжаттамалық есепке алу арқылы ұйымдардың мүлкі, міндеттемелері және олардың қозғалысы туралы ақшалай мәндегі ақпаратты жинау, тіркеу және жинақтаудың реттелген жүйесі.

Ауыл шаруашылығы Қазақстан Республикасының экономикасында маңызды және көп қырлы рөл атқарады. Ауыл шаруашылығы халық үшін азық-түлік өндірісінің негізгі көзі болып табылады. Астық, ет, сүт және басқа да өнімдерді өндіру елді қажетті азық-түлік ресурстарымен қамтамасыз етеді.

Ауыл шаруашылығы ауылдық жерлерде айтарлықтай жұмыс орындарын ұсынады. Қазақстанда көптеген адамдар егін егумен, мал шаруашылығымен, балық аулаумен және ауыл шаруашылығы қызметінің басқа да түрлерімен айналысатын ауыл шаруашылығында жұмыс істейді. Қазақстан астық, ет, май және басқа да тауарларды қоса алғанда, ауыл шаруашылығы өнімдерінің ірі экспорттаушысы болып табылады. Ауылшаруашылық өнімдерінің экспорты елдің жалпы экспортына айтарлықтай үлес қосады және сауда балансын жақсартуға ықпал етеді.

Ауыл шаруашылығы әртүрлі салалар үшін шикізат базасын қамтамасыз етеді. Мысалы, тоқыма, тамақ және басқа салалар өндіріс процесінде ауылшаруашылық өнімдерін пайдаланады.

Ауыл шаруашылығын дамыту ауылдық жерлерде өмір сүру жағдайларын жақсартуға ықпал етеді. Ауылдық жерлерде инвестициялар халықтың жалпы дамуына және өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді. Яғни ауыл тұрғындарының сапалы өмір сүруіне де айтарлықта үлес қосылады. Тиімді ауыл шаруашылығы жалпы елдің экономикалық өсуіне ықпал етеді. Топырақ пен су сияқты табиғи ресурстарды тұрақты өндіру және тиімді пайдалану жалпы экономикалық дамуға ықпал ететін ауылшаруашылық саясатының негізгі элементтері болып табылады.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығының стратегиялық маңызы бар және оның дамуы экономиканың, әлеуметтік саланың және елдің орнықты дамуының көптеген аспектілеріне әсер етеді.

Ауылшаруашылық кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есептің негізгі мақсаты-кәсіпорынның даму тенденцияларын анықтау, нұсқаны таңдау және басқару шешімдерін қабылдау үшін экономикалық ақпаратты талдау, түсіндіру және пайдалану.

Еліміздегі ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп халықаралық қаржылық есептілік стандарты (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығы» (ХҚЕС/ IAS 41) реттеледі. Бұл стандарт ауылшаруашылық өнімдерін (яғни биологиялық активтерден алынған өнімді) оны алу немесе жинау кезінде ғана есепке алу үшін қолданылады. Дайын өнімді және оны қайта өңдеуді кейіннен есепке алу 2 «Қорлар»ХҚЕС (IAS) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру оны өнеркәсіпте, құрылыста, саудада ұйымдастырумен бірдей және Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген бірыңғай есепке алу әдіснамасына сәйкес келуге тиіс.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп Қазақстан Республикасы субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметін бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгілік жоспары бойынша, негізгі құралдар, тауар-материалдық қорлар, негізгі қызметтен, негізгі өндірістен түсетін кірістер мен шығыстар бөлігінде айналымнан тыс активтерді есепке алу жөніндегі бухгалтерлік шоттарға жүргізіледі, ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігіне сәйкес қосалқы шоттар ашу ұсынылады.

Биологиялық қайта құру процесінде биотрансформация процесінде (биологиялық активте сапалық немесе сандық өзгерістер болатын өсу, деградация, өндіріс және көбею процестері) ауылшаруашылық өнімдерін немесе қосымша биологиялық активтерді беруге, сондай-ақ басқа жолмен әкелуге қабілетті жануар немесе өсімдік - экономикалық пайда «биологиялық активтер»болып табылады.

Ауыл шаруашылындағы операциялар есебі үздіксіз жүреді. Операциялардың типіне

байланысты биологиялық активтерді 2 топқа жіктеу қалыптасқан екен (1-кесте).



1-кесте. Биологиялық активтердің жіктелуі

Сәйкесінше ұзақ мерзімді активтер 1 жылдан астам уақыт айналымда болса, ағымдағы активтер 12 ай ішінде қолданылады.

Биологиялық активтерді өндіру барысында негізгі құралдар қажет екені мәлім. Ауыл шаруашылығының жермен тікелей жұмыс жасауына байланысты әртүрлі техникалар қолданыста болады. Әдетте олар кәсіпорынның жеке меншігі немесе жалға алынуы мүмкін. Жалға алынған болса, халықаралық қаржылық есептілік стандарты (IFRS) 16 «Жалдау» бойынша реттеледі.

Жер - ауыл шаруашылығындағы негізгі құралдардың негізгі түрі. Қазіргі уақытта жер телімдерін есепке алу олардың ақшалай бағасы бар - жоғына (кәсіпорын ақылы түрде сатып алған) немесе ақшалай бағасы жоқ (шаруашылыққа бекітілген меншікті жерлер) байланысты жасалады.

Ақыға сатып алынған жер учаскелерінің құны 2930 «Аяқталмаған құрылыс» шотында алдын ала көрсетіле отырып (сатып алу кезінде) 2411 «Жер» шотында есепке алынады. 2930 «Аяқталмаған құрылыс» шотында мұндай операциялар үшін «жер телімдерін сатып алу» қосалқы шотын ашу қажет. Жер телімдерін сатып алу жөніндегі шоттардың хат-хабарлары басқа негізгі құралдарды сатып алу жөніндегі хат-хабарлардан ерекшеленбейді. Сатып алынған жер телімдері келіп түсетін құжат «жер учаскелерін кіріске алу актісі» болып табылады.

Уақыт өте келе, жер учаскелерінің құнарлылығы нашарламауы болмағандықтан, жер учаскелері бойынша амортизация есептелмейді.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорнының меншігіне жер алқаптарын өтеусіз алған кезде олардың құнына жазба жүргізіледі:

Дебет 2411 «Жер»

Кредит 6230 «Мемлекеттік субсидиялардан түсетін кірістер», 6220 «Өтеусіз алынған активтерден түсетін кірістер».

Бұл жерлердің құнарлылығын жақсарту шығындары 2930 «Аяқталмаған құрылыс» шотында жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен ескеріледі. Бұл шығындар 2411 «Жер» шотында есепке алынған өтеусіз алынған жерлердің құнына қосылады.

Мемлекет олардың пайдалануына берген ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына бекітілген жерлер баланстан тыс есепте ескеріледі. Талдамалық есепке алу жер түрлері бойынша гектарларда жүргізіледі (егістік, тыңайған жерлер, шабындықтар, бақтар, жүзімдіктер, пайдалы орман белдеулері, көлдер, тоғандар, үй жанындағы жер қоры, ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін пайдаланылмайтын және т.б.). Бұл көрсеткіштердің барлығы арнайы тіркелімде-шаруашылықтың жер кадастрлық кітабында көрінеді.

Жер учаскелері кәсіпорын қызметкерлері арасындағы жер үлестеріне (пайларына) бөлінген жағдайда, оларды есепке алу әрбір жер пайдаланушы бойынша жүргізіледі.

Жерді түбегейлі жақсарту бойынша күрделі шығындарды есепке алу 2930 шотында жүргізіледі

Жерді түбегейлі жақсарту бойынша күрделі шығындарды есепке алу 2930 «Аяқталмаған құрылыс» шотында жүргізіледі. Жерді түбегейлі жақсарту жөніндегі күрделі шығындардың талдамалық есебі жұмыстың әрбір түрінің көлемі мен құнын көрсете отырып, әрбір жер телім бойынша жүргізіледі. Жыл соңында күрделі сипаттағы барлық шығындар пайдалануға қабылданған алаңдарға жатқызылады, 2930 «Аяқталмаған құрылыс» шотынан есептен шығарылады және 2413 «Басқа да негізгі құралдар» шотына «жерді жақсарту» қосалқы шоты есепке алынады.

Амортизациялық аударымдар белгіленген тәртіппен есептеледі:

2413 «Басқа да негізгі құралдар» дебеті «жерді жақсарту» қосалқы шоты

2424 «Басқа да негізгі құралдардың амортизациясы» кредиті «жерді жақсарту» қосалқы шоты.

Жұмыстар бюджет қаражаты есебінен орындалған жағдайларда бюджет қаражатын алу көрсетіледі:

Дебет 1030 «Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаты»

Кредит 6230 «Мемлекеттік субсидиялардан түсетін кірістер».

Содан кейін олар 2930 «Аяқталмаған құрылыс» шотынан шығыстар шоттарының дебетіне алынады.

Дебет 7480 «Өзге шығыстар» немесе 7210 «Әкімшілік шығыстар»

Кредит 2930 «Аяқталмаған құрылыс» деген жазба жасалады.

Ауыл шаруашылығында жер есебінен басқа мал есебі де болуы мүмкін. Бухгалтерлік есептердің спецификасы айналысатын салаға байланысты болып келеді. Жермен тікелей жұмыс жасайтын техникалардың амортизациясы негізгі құралдардың амортизациясы сияқты есепке алынады. Ауыл шаруашылығындағы техника маусымдық жұмыста, небәрі 2-3 ай жасағанымен оның да қызмет ету мерзімі бар. Бұл салада туындайтын жағдайларды болжау мен білу мүмкін емес, сол себепті ауыл шаруашылығы саласында әрқашан резерв құрылып отырады.

Амортизациялаудың 3 әдісі бар: бір қалыпты (түзу сызықты), орындалған жұмыстың көлеміне пропорционал түрде есептеу әдісі (өндірістік тәсіл), қалдық әдісі. Аралас шаруашылықпен, яғни егін және мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындарға сауалнама жүргізу барысында, олардың барлығы түзу сызықты әдісті қолданатыны анықталды.

Қорытындылай келе, ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есептің ерекшелігіне келетін болсақ, бұл көптеген факторларға байланысты. Ең бастысы - жерді өндірістің негізгі құралы ретінде пайдаланылады. Бұл құрал ерекше қасиеттерге ие. Ол:

- бұл табиғи объект (адам жасамайды);
- ауыстыруға жатпайды;
- амортизацияланбайды, тозбайды.

Сондай-ақ, өндірістің негізгі құралы ретінде жердің ерекше қасиеттеріне - оның қасиеттерін жақсарту қабілеті жатады (мысалы, құнарлылық). Кәсіпкерлік субъектісі жерді меншік иесі, жалға алушы немесе пайдаланушы ретінде пайдалана алады. Әрбір жағдайда

баланстағы, баланстан тыс шоттардағы негізгі өндіріс құралының талдаушысы белгілі бір ерекшелікке ие болады.

Бухгалтерлік есепте жерді кіріске алу ерекше маңызға ие. Ол белгілі бір күннің нарықтық құны, мүліктің құны (айырбастау мәмілелеріне қатысты), сатып алудың нақты шығындары бойынша бағаланады. Сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша бағалауға жол беріледі.

Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп көптеген нюанстарға ие. Шоттардың жалпы негіздері мен жалпы жоспарын қолдана отырып жүргізілгеніне қарамастан, жекелеген баптарды есепке алу тәртібі басқа салалардағы тәртіптен айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Бұл, ең алдымен, табиғи биологиялық циклдарға, климаттық жағдайларға және жерді негізгі актив ретінде пайдалануға байланысты ауыл шаруашылығының ерекшеліктеріне байланысты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қаржылық есеп: оқу құралы Ж.А. Абишева, Ф.М. Тулегенова [және т.б.] – Алматы: Қазақ университеті, 2019 – 348 б.
2. Бухгалтерские проводки: методическое пособие/ В.П. Проскурина. - 8-е изд. изм. и доп. - Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2022. - 316 с.
3. Досманбетова А. С. Бухгалтерлік есеп: оқу құралы. - Алматы : LEM, 2020. -388 б.
4. Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы N 185 бұйрығы//adilet.zan.kz
5. Бухгалтерлік есеп негіздері: оқу құралы / Н. Н. Таштанова, С. С. Сапарбаева, Р. Е. Жаппасова. - Алматы : Фортуна Полиграф, 2020. - 187 б.

УДК 336.01

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ

**Ғалым Аружан Мақсатқызы,
Сұлтанова Балнұр Абылайқызы**

bsultanova03@mail.ru,
aruzhan250704@icloud.com

Л.Н.Гумилев ат.Еуразия ұлттық университетінің Есеп және аудит амандығының
4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Садуакасова К.Ж.

Талдау – зерттелетін объектіні әртүрлі факторлардың әсерінен өзгеру тенденциясын белгілеу мақсатында осы объектіге тән компоненттерге, элементтерге бөлу, бөлшектеу.

Кез-келген зерттеуді жүргізу кезінде талдау синтезбен диалектикалық бірлікте, бұрын бөлінген бөліктерді біртұтас жүйеге біріктіреді.

Экономикалық талдау жүргізудің негізгі мақсаты шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмыс істеу тиімділігін арттыру және осындай арттыру резервтерін іздеу болып табылады [1].

Экономикалық талдаудың ғылым ретінде қалыптасуы өндіргіш күштердің дамуына, өндірістік қатынастардың жақсаруына және жалпы экономикалық ғылымның дамуына байланысты болды. Орын алған өзгерістердің барлығы экономикалық қатынастардың жақсаруы мен жалпы экономикалық ғылымның дамуының салдары болды, оның тарихы көне ғасырлардан басталады :

- Ежелгі Шығыс Ойшылдарының ілімі (Конфуций);
- Ежелгі Греция(Ксенофонт, Платон, Аристотель);
- Ежелгі Рим(Варрон, Сенека)[2].

Экономиканың қазіргі жағдайы экономикалық талдау тәжірибесінің теориясын талдауды талап етеді. Өйткені ұйымның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету олардың